

Ә.М. Әбсаттар*  , Г.Б. Несипбай 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: absattar.adil@gmail.com

БАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭМОТИВТІ-БАҒАЛАУЫШТЫҚ ЛЕКСИКА

Зерттеу жұмысы эмотивтік-бағалаушы лексиканы антропоэзектік тұрғыдан зерттеп, когнитивтік-прагматикалық сипатын нақтылауға бағытталған. Сол арқылы адамның тілдік бірліктерді қолданудағы мақсаты, дйттемі, ойын жеткізу үшін қолданатын стратегиясы мен тактикасы айқындалады. Эмотивтік-бағалаушы бірліктерді антропоэзектік тұрғыдан зерттегенде олардың когнитивтік-прагматикалық ерекшеліктері көрінеді, сондай-ақ эмотивтік-бағалаушы бірліктерді дискурста қолданатын тілдік тұлғаның психологиялық, әлеуметтік, ментальді ерекшелігі де айқындалады.

Тілдік бағалауды когнитивтік-коммуникативтік тұрғыдан сипаттауда аталым (номинация) актісі құндылықтар жүйесі негіз болады. Тілдік бағалауды когнитивтік-коммуникативтік тұрғыдан сипаттауда адамның танымдық қызметіне, ұлттық-мәдени ерекшелігіне ерекше мән беріледі. Зерттеу жұмысының мақсаты – қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндеріндегі эмотивті-бағалаушылық лексиканың берілуін, антропоэзектік сипатын нақтылау.

Бағалаудың семантикалық мәнін айқындау, тілдегі көрінісі туралы мәселе тіл білімімен сабақтас философия, логика, психология, этика, эстетика сияқты гуманитарлық ғылымдармен де тығыз байланысты. Зерттеу жұмысының жаңалығы қазақ тілді және шет тілдік материалдардағы эмотивті-бағалаушылық сөздердің мәні мен қызметін салғастыра отырып, лингвомәдени, когнитивтік, коммуникативтік тұрғыдан кешенді түрде сипаттаумен байланысты. Түрлі мәдениет өкілдерінің бағалау үшін қолданылатын тілдік бірліктер, әр ұлттың эмотивті-бағалаушылық сөздерді қабылдау ерекшеліктері сөз болады.

Жұмыстың теориялық құндылығы эмотивті-бағалаушылық сөздердің антропоэзектік парадигма тұрғысынан сипатталып, когнитивті, лингвомәдени, прагматикалық сипаты кешенді түрде қарастырылуымен байланысты. Қазақ тіліндегі, орыс және ағылшын тілдеріндегі материалдарды өзара салғастыра зерттеу нәтижесінде алынған нәтиже эмотивті-бағалаушылық сөздердің түрлі тілдердегі көрінісі, ұлттық ерекшелікке, дүниетаным, әр ұлттың санасындағы ғалам бейнесінің алуан түрлілігіне байланысты эмотивті-бағалаушылық сөздердің қолданылуы мен қабылдану ерекшеліктері талданды. Зерттеу нәтижелерін лингвомәдениаттаным, салғастырмалы тіл білімі, тіл прагматикасы, когнитивті лингвистика, коммуникативті синтаксис, т.с.с. тіл білімі салалары бойынша курстар үшін қолдануға болады. Сонымен қатар тіл білімімен шектес психосемантика, психология, этнопсихология, психоанализ, этносоциология, мәдениеттаным сияқты ғылым салаларында да пайдалануға болады. Сонымен қатар осы бағытта зерттеп жүрген ғалымдар үшін, реферат, курс, диплом жұмысын жазатын зерттеушілер үшін де берері мол.

Түйін сөздер: эмотивтік-бағалаушы лексика, антропоэзектік парадигма, денотат, коннотат, мағына.

A.M. Absattar*, G.B. Nesipbay

Al-Farabi Kazakh National university, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: absattar.adil@gmail.com

Emotive-Evaluative Vocabulary in the Language of the Media

The research work is aimed at studying emotive-evaluative vocabulary from an anthropocentric point of view and clarifying its cognitive-pragmatic nature. Thus, the purpose of using linguistic units by a person is determined, their cognitive and pragmatic features are revealed, and the psychological, social and mental features of a linguistic person using emotive and evaluative units in discourse are determined.

When describing the assessment of language from a cognitive and communicative point of view, special attention is paid to the cognitive function of a person, national and cultural characteristics. The purpose of the study is to clarify the anthropocentric nature of emotive and evaluative vocabulary in the texts of Kazakh and foreign media.

The novelty of the research work is associated with a comprehensive description of the emotive and evaluative words of the Kazakh language and foreign language materials from a linguistic, cultural,

cognitive and communicative point of view, a comparison of meaning and function. The linguistic units used for evaluation by representatives of different cultures, the peculiarities of perception of emotive and evaluative words of each nation will be considered.

The theoretical value of the work is related to the fact that emotive-evaluative words are described from the standpoint of the anthropotopic paradigm, their cognitive, linguistic, cultural and pragmatic characteristics are comprehensively considered. The result obtained by comparing materials in Kazakh, Russian and English, the expression of emotive-evaluative words in different languages, the peculiarities of the use and acceptance of emotive-evaluative words in connection with national identity, worldview, diversity of the image of the Universe in the consciousness of each nation. At the same time, it can be used in such fields of science as psychosemantics, psychology, ethnopsychology, psychoanalysis, ethnosociology, cultural studies bordering on linguistics.

Key words: emotive-evaluative vocabulary, anthropocentric paradigm, denotation, connotation, meaning.

А.М. Абсаттар*, Г.Б. Несипбай

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: absattar.adil@gmail.com

Эмотивно-оценочная лексика в языке СМИ

Исследовательская работа направлена на изучение эмотивно-оценочной лексики с антропоцентрической точки зрения и уточнение ее когнитивно-прагматического характера. Таким образом, определяется цель использования человеком языковых единиц, метод, стратегия и тактика, используемые для передачи идей. При изучении эмотивно-оценочных единиц с антропоцентрической точки зрения выявляются их когнитивно-прагматические особенности, а также определяются психологические, социальные и ментальные особенности языкового человека, использующего эмотивно-оценочные единицы в дискурсе.

В описании языковой оценки с когнитивно-коммуникативной точки зрения в основу положена ценностная система акта номинации. При описании оценки языка с когнитивно-коммуникативной точки зрения особое внимание уделяется познавательной функции человека, национально-культурным особенностям. Цель исследования заключается в уточнении антропоцентрической природы эмотивно-оценочной лексики в текстах казахстанских и зарубежных СМИ.

Проблема определения смыслового значения оценки, ее выражения в языке тесно связана с гуманитарными науками, как философия, логика, психология, этика, эстетика. Новизна исследовательской работы связана с комплексным описанием эмотивно-оценочных слов казахского языка и иноязычных материалов с лингвокультурологической, когнитивно-коммуникативной точек зрения, сопоставлением значения и функции. Будут рассмотрены языковые единицы, используемые для оценки представителями разных культур, особенности восприятия эмотивно-оценочных слов каждого народа.

Теоретическая ценность работы связана с тем, что эмотивно-оценочные слова описываются с позиций антропоцентрической парадигмы, комплексно рассматриваются их когнитивные, языковые, культурологические и прагматические характеристики. Результат, полученный путем сопоставления материалов на казахском, русском и английском языках, выражения эмотивно-оценочных слов в разных языках, особенностей употребления и принятия эмотивно-оценочных слов в связи с национальным своеобразием, мировоззрением, многообразием образа Вселенной в сознании каждой нации. Результаты исследований в области языкознания, сравнительного языкознания, языковой прагматики, когнитивной лингвистики, коммуникативного синтаксиса и др. можно использовать для курсов в области языкознания. В то же время он может быть использован в таких областях науки, как психосемантика, психология, этнопсихология, психоанализ, этносociология, культурология, граничащая с лингвистикой. В то же время он может многое предложить и ученым, проводящим исследования в этом направлении, и исследователям, пишущим рефераты, курсовые, дипломные работы.

Ключевые слова: эмотивно-оценочная лексика, антропоцентрическая парадигма, денотат, коннотация, значение.

Кіріспе

Бүгінгі таңда тіл білімінде антропоэзектік бағыттағы зерттеулер жанданып келеді. Өсіресе әлеумет үшін маңызы зор жанрлардың мәтіндеріндегі эмотивті-бағалаушытық лексиканы зерттеуде адамның дүниетанымы, коммуницияға дайындығы, діттемі, құндылықтарды танып-білуі, т.с.с. назардан тыс қала алмайды. Әр ұлттың ерекшелігіне сәйкес құндылықтар жүйесі де алуан түрлі болатыны белгілі. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы бағалау, эмоционалды-экспрессивті сөздер адресатқа әсер етіп, қоғамдық сананы, қоғамдық пікірді қалыптастырады. Сондықтан бұл мәселе мәдениетаралық коммуникация орнату, толерантты қоғам орнату тұрғысынан да өзекті болып отыр.

Зерттеу жұмысы қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі эмотивті-бағалаушытық сөздерді салғастыра отырып, тілдің таным әрекетіндегі қызметі мен әлеуметтік-жүйелік сипатын нақтылауға бағытталған. Жұмыстың мақсаты – қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндеріндегі эмотивті-бағалаушытық лексиканың берілуін, антропоэзектік сипатын нақтылау, эмотивті-бағалаушытық сөздердің ақпарат жеткізудегі қызметін, бағалаушытық мәнді құрылымдардың когнитивтік астарын айқындау, эмотивті-бағалаушытық сөздердің лингвомәдени кеңістіктегі мәні мен қызметін нақтылау.

Эмоция адамның танымын, ақиқат болмысқа қатысын көрсетеді. Бұл орайда адам танымның объектісі де, субъектісі де болады. Себебі эмоциясыз адам болмайды, эмоция – адамдық белгінің бірі. Эмоция психологияда, психолингвистикалық ғылым салаларында зерттеледі. Аталған ғылым салаларының санғасырлық тарихы болғанмен, психологияда эмоцияның көп деңгейлі табиғатын айқындайтын тұтас теория әлі қалыптаса қоймады. Эмоциялардың айқын жіктелімі болмағандықтан, лингвист ғалымдар эмоцияны тілдік тұрғыдан талдауда көп қиындыққа тап болады.

Эмоция тілін зерттеу үшін жалпы психология, әлеуметтік психология, этнопсихология сияқты ғылым салаларының маңызы зор. Бұл орайда эмоционалды концептілерді зерттеген А.Вежбицкаяның өзіндік ұстанымдары бар. Көпжылдық зерттеулерінің нәтижесінде ғалым эмоция атауларын нақтылап, арнайы семантикалық метатіл қалыптастырды. Өзіне дейінгі зерттеушілер негізге алған ұстаным, белгілер – бағалау (evaluation), потенция

(potency), қызмет (activity) – эмоция табиғатын толық ашып бере алмайтынын ескерте келіп, ғалым эмоционалды концептілерді сөздердің (техникаға қатысы жоқ терминдер, эмоцияның атауы болмайтын сөздер) көмегімен анықтау керек екенін айтады. М.Бэмберг контекстегі қолданысын, функционалды ақпаратты ескермей, эмоционалды концептілерді лексикалық деңгейде ғана қарастыруға болмайтынын ескертіп, А.Вежбицкаяның тұжырымын сынға алады. А.Вежбицкая ғалымның эмоцияларды семантикалық тұрғыдан сипаттаған кезде лексикалық деңгейді талдау жеткіліксіз болатыны туралы тұжырымымен келіседі. Алайда лексикалық бірліктер дискурстағы лексикалық бірліктер мен мәдени сценарийлердің өзара байланысты екенін нақты мысалдармен дәйектейді (Wierzbicka 1997: 227). М.Бэмберг келтірген «қатыгездік сценарийі» («Someone causes someone else to be come angry») ағылшындардың болмысына сәйкес келгенмен, өзге мәдениет өкілдеріне жат екенін ескертеді (Bamberg 1995: 211).

Эмоциялардың концептуалдануы туралы Л. Омонди, М. Осмонд, К. Инчаурральде, Б.Крик-Кастовски, т.б. ғалымдардың еңбектерінде де сөз болды. К.Инчаурральде арақашықтыққа қатысты эмотивтерді зерттесе, М.Осмонд эмоцияларды концептуалдаудағы шылаулардың қызметін талдайды. Л.Омонди африкалықтардың тіліндегі атаушытық эмоцияларды талдайды. Б.Крик-Кастовски ағылшын, неміс, поляк тілдерін өзара салыстыра отырып, таң қалуға қатысты тілдік бірліктерді зерттеген. Б.И. Додонов эмоциялардың эмбебап классификациясын жасап шығару мүмкін емес екенін де алға тартады. Бірқатар мәселелерді зерттеп, нақтылауға мүмкіндік беретін классификация басқа зерттеулер үшін мүлде жарамсыз болып қалуы мүмкін (Додонов 1978: 49-50). Психологтар эмоцияның 500-ден астам түрі бар екенін айтқанмен, негізгі түрлері психологияда да, физиологияда да нақты сараланбаған. Б.И. Додонов алуан түрлі эмоциялар бір сөзбен беріліп жүргенін айта келіп, оларды контекстегі қолданысы бойынша ғана саралап алуға болатынын ескертеді. Сондай-ақ ғалым бір эмоция үшін бірнеше сөз қолданылып жүргенін, яғни бір эмоция түрліше аталып жүргенін де айтады (Додонов 1978: 91). Психологияда эмоция теориясы толыққанды зерттеле қоймауына байланысты лингвист эмоциялардың қандай тілдік бірліктермен берілетінін айқындап, түгендеп алуы керек.

Эмоция психологияда өз деңгейінде зерттелмеуіне байланысты лингвистикада да басы ашылмай тұрған мәселе көп (Додонов 1978: 92).

Эмотивтік-бағалаушы лексикада адамның әлемге деген көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Қандай бір нысанға қатысты пікірі жинақталып, адамның соған қатысты ұстанымы, пікірі байқалады. Нысанды түрлі қырынан сипаттай отырып, адам оған баға береді, қаншалық пайдалы не зиян екенін нақтылайды. Соған сәйкес аксиологиялық, эмоционалдық тұрғыдан бағалайды. Эмотивтік-бағалаушы бірліктерді пайдалана отырып, тілдік тұлға белгілі бір нысан туралы ұстанымын білдіреді, діттемі (интенция) жеткізеді, коммуникативтік қажеттілігін өтейді. Осы тұрғыдан алғанда, эмотивтік-бағалаушы лексиканы антропоэзектік тұрғыдан сипаттауда когнитивті-прагматикалық ерекшелігіне; тілдік тұлғаның ақиқат болмысты аксиологиялық, эмоционалдық тұрғыдан жіктеуі; эмотивтік-бағалаушы бірліктерді дискурста дұрыс қолдана білуі; эмотивтік-бағалаушы бірліктер қолдану арқылы тілдік тұлғаның айтайын деген ойы, діттемі, тілдік тұлғаның тілдік құзыреті, психологиялық ерекшелігі, мәтіннің ұйысуы сияқты мәселелерге мән беріледі.

Материал мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндер, газет-журнал, аудио-, бейнематериал, ақпарат легі, EURONEWS жаңалықтары, ғаламтор желісіндегі материал, т.б. <http://www.RussianAmericanMedia.com>, <http://www.russiantolerance.org>; <http://www2.ohchr.Org/English/bodies/cerd/dpcs/CERD.C.62.CQ.7R.pdf>; <http://www.abroad.ru>; <http://www.bbk.ak.uk/>; <http://www.kcn.ru/t>. Сондай-ақ Қазақ тілінің ұлттық корпусы (<https://qazcorp.org.kz>); Орыс тілінің ұлттық корпусы (Национальный корпус русского языка URL: ruscorp.org.ru); ағылшын тілінің ұлттық корпусы (BritishNational Corpus. <http://www.natcorp.ox.ac.uk>) электрон ресурстары, түсіндірме сөздіктері пайдаланылды. Соның нәтижесінде 2000-нан астам материал жинақталды. Зерттеу барысында салғастырмалы және салыстырмалы талдау, бақылау әдісі, корреляциялық талдау, контекстік талдау әдістері қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Эмотивтік-бағалаушы лексиканы зерттеуде бірнеше бағыт қалыптасқан:

- жүйелік-құрылымдық бағыт (В.В.Виноградов, Е.М. Галкина-Федорук, В.Н. Телия, Е.М. Вольф, И.А. Стернин, Л.М. Майданова, Л.С.Войтик, В.К.Гхарченко, В.К.Г.Г.б., Н.А.Лукьянова, В.И.Шаховский, Т.В.Матвеева, Н.Б.Лаврентьева, В.И.Говердовский, В.Н.Гридин және т.б.);

- функционалды-семантикалық бағыт (В.Н.Телия, Е.М. Вольф, И.А. Стернин, В.И. Шаховский, Е.А. Гутман, Ф.А. Литвин, М.И. Черемисина, Т.А. Графова),

- семантикалық-стилистикалық бағыт (Ш. Балли, И.В. Арнольд, Т.Г.М.Петриш, т.б.); лексикографиялық (Н.А. Лукьянова, Ю.Д. Апресян, В.Н. Телия, Г.Н. Скляревская, Н.Б. Лаврентьева, Т.А. Трипольская, О.А. Новоселова, Е.Ю. Булыгина, Л.Н. Храмова және т.б.);

- семантикалық-прагматикалық бағыт (Р.М. Харе, Ч. Стивенсон, Е.М. Вольф, В.Н. Телия, Е.С. Азнаурова, Н.Д. Арутюнова, Л.А. Киселева, Т.А. Графова, Т.В. Маркелова және т.б.).

Сондай-ақ Ю.С.Сорокин, В.И.Шаховский, В.Г.Гак, Ю.М. Малинович, Е.Ю.Мягкова, Л.А.Пиотровская және т.б. ғалымдардың еңбектерінде эмоционалды-экспрессивті лексика басқа мәтіндермен салыстырыла зерттелген.

Зерттеу жұмысында эмотивтік-бағалауыштық мәнді сөйлеу актілері ұқсастығы бойынша топтастырылып, сөйлеушінің негізгі және қосалқы діттемі анықталады. Сол арқылы сөйлеу актінің, дискурстың құралы ретінде прагматикалық контекст ұғымы нақтыланады. Жұмыста эмоционалды-бағалаушы лексика арнайы концептуалды аймақтардың (білім, ғалам туралы түсінік, эмоция мен бағалау туралы жалпы түсінік) вербалдану тәсілі ретінде қарастырылады, сөйлесушілердің эмоционалды және бағалауыш мәнді тілдік механизмдерді қолданып, қабылдауына да ерекше мән беріледі. Сонымен қатар жұмыста эмоционалды-бағалаушы лексика коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан қарастырылып, эмотивтік-бағалауыштық дискурстағы сөйлеушінің діттемі, эмоция мен бағалауыштық мәннің ашық не жасырын берілуі, адресанттың эмотивтік-

бағалаушы сөзді таңдауының уәжділігі, эмоциялық-бағалаушылық дискурстың құрылымы да сөз болады. Осыған байланысты сөйлеуші қолданған тілдік бірліктер ғана емес, тұтас дискурстың құрылымы талданады.

Нәтижелер мен талқылау

Соңғы уақытта зерттеушілер бағалауды когнитивтік-прагматикалық тұрғыдан сипаттауға ерекше мән бере бастады. Бұл үрдіс когнитивтік, ақпараттық феномендердің интеграциясы; мәтін доминанттарының жүйелілігі; бұқаралық ақпарат құралдарының түрлі мәтіндеріне тән лингвомәдени кеңістіктің бағалау аспектілері сияқты теориялық, лингвистикалық бағыттармен тығыз байланысты. Бұл бағыттарға сәйкес бағалау субъектінің нысанға құндылықтар жүйесі тұрғысынан тілдік бірліктер арқылы сипатталып, объективті және субъективті бағалауда тілдік сана элементтері қатысады.

Бағалау категориясының логикада көрінісі мен тілдегі көрінісін өзара салыстырғанда логика мен тілдің өзара байланысы аңғарылады. Бағалау тіл жүйесінің түрлі деңгейін қамтиды. Н.А. Лукьянова «экспрессивтілік», «эмоционалдылық», «бағалау» ұғымдарын сипаттай келе бағалау барысында субъект (сөйлеуші) өзге субъект, объект, құбылысқа деген көзқарасын білдіретінін айтады (Лукьянова 1976: 4). Тілдік бағалау теориясын арнайы зерттеген Е.М. Вольфтің анықтамасы да осы сарындас. Ғалым логика-философиялық тұжырымдарды негізге ала отырып, бағалауды «Бағалаушы субъектінің (А) тілдік құралдардың көмегімен бағаланатын нысанның (Б) жақсы/жаман жақтарын көрсетуі» деп сипаттайды (Вольф 2002: 9). Е.М. Вольф бағалау категориясының модальділік, экспрессивтілік, эмоционалдылық, прагматикалық әлеуеті сияқты ерекшеліктерін көрсетеді. Ғалым экспрессивтілік пен бағалаушылық әрдайым өзара байланысты бола бермейтінін ескерте келіп, *«Это прекрасно»* деген сөйлем *я взволнован, потрясен* деген мәнде қолданылмайтынын, ол жай ғана констатация болуы мүмкін екенін айтады (Вольф 2002: 42).

А.П.Горбунов, Р.Г.Пиотровский, Л.И.Ефимов, Б. Чарльстон, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде экспрессивтілік бағалау ретінде сипатталады. Соған байланысты А.И.Ефимов: «Экспрессивтілік – семантикалық қана емес, эмоционалды-бағалаушылық категория... Бағалау мәнді тілдік бірліктер экспрессивтіліктің

нақты көрінісі болады», – дейді (Ефимов 1957: 83-85). В.И.Шаховский, Р.А.Нехлина, О.В.Александрова, Т.Г.Винокур, т.с.с. ғалымдар бағалауды экспрессивтіліктің құрамдас бөлігі ретінде сипаттаса, А.Г.Баранов, И.В.Арнольд, С.С.Хидекель, Г.Г.Кошель экспрессивтілікті де, бағалауды да мағынаның коннотат компоненттері ретінде сипаттайды. А.М. Комарова бағалау (интеллектуалды емес, эмоционалды) әрдайым экспрессивті болғанмен, экспрессивтілік үнемі бағалау мәнді бола бермейтінін айтса (Комарова 1984: 32), Р.Әшімбетова бағалау экспрессивті сөздерде де, экспрессивті мәні жоқ сөздерде де болатынын ескертеді (Ашимбетова, 2000: 121). З.Темірғазина бағалау мен экспрессивтіліктің ерекшелігін былайша сипаттайды: «Оценочность – это семантическая категория, которая базируется на логическом понятии оценки, экспрессивность – это, скорее семантическое качество, свойство речи, лишенное логического ядра и создаваемое необычными формально-содержательными языковыми средствами. Если оценочность и эмоциональность... увеличивают и обогащают его общий информативный объем новым содержанием, то экспрессивность лишь усиливает уже заданный высказыванием смысл» (Темиргазина 1999: 46).

Бағалау екі түрлі болады: эмоциялық, зияткерлік (рационалды, логикалық). Зияткерлік бағалау нысанның дұрыс, пайдалы, әлеуметтік, саяси, адамгершілік, этикалық талаптарға сай болуын білдірсе, эмоциялық бағалау адамның сезімдік қабылдауына байланысты болады. А.Байтұрсынұлы зияткерлік бағалауды «нәрсенің тиіс жағы», эмоциялық бағалауды «нәрсенің түйіс жағы» деп атап, логикамен байланыстыра отырып, былайша сипаттайды: «Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда я нәрсеге тиісінше ойлайды, я көңілінің түйісінше ойлайды. Нәрсе түрлі ыспатты болады. Ол ыспаттарының біреулері бойына біткен ыспат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған ыспаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін жылы, бірін суық, бірін тегіс, бірін бұдырмақ, бірін қатты, бірін жұмсақ дейміз. Бұл ыспаттар нәрсенің бойында бар ыспаттар. Бұл ыспаттаудың біреулері адамға ұнайтын болар да, біреулері ұнамайтын болар. Мәселен, жылы нәрсе, тегіс нәрсе, жұмсақ нәрсе адамға жағымды, сүйкімді болар да, суық нәрсе, бұдырмақ нәрсе, қатты нәрсе адамға жағымсыз, сүйкімсіз болар. Бұлардың біреулерін жағымды, сүйкімді деп, – екіншілерін жағымсыз, сүйкімсіз деп ыспаттау нәрсені тиісінше ыспаттау емес,

адам өз көңілінің түйісінше ыспаттау болады. Сол сияқты бір нәрсе туралы сөйлегенде я тиіс жағынан алып, я түйіс жағынан алып сөйлейміз. Мәселен, кісі жайынан сөйлегенде я тиіс жағынан алып, түйісін, тұрпатын, мінезін, құлқын, туысын, тұрмысын, ісін айтамыз, я түйіс жағынан алып, сүйетін, сүймейтінімізді, сыйлайтын, сыйламайтынымызды айтамыз... Нәрсенің тиіс жағы өзінде бар шын жағы; нәрсе, түйіс жағы – өзінде жоқ, жабатын жала, қоятын кінә, таңатын өсек, тағатын таба, жағатын опа сияқты, адам апарып жапсыратын нәрсе» (Байтұрсынұлы 2022: 101).

Профессор З.Ахметжанова бірқатар зерттеушілердің экспрессивтілікті эмоциялы бағалаумен байланыстыратынын ескерте келіп: «Экспрессивность предполагает и логическое усиление, поэтому ограничение экспрессивности лишь сферой эмоциональной оценки представляется не совсем верным. Таким образом, не должно вызывать возражений разграничение двух категорий как самостоятельных, оценочность в целом не всегда экспрессивна, экспрессивность не всегда оценочна. Другое дело, что в системе функциональных разновидностей языка существуют стили, в которых преобладает оценочная экспрессивность, куда входит, например, и газетно-публицистический стиль», – дейді (Ахметжанова, Таткенова 2022: 21).

Зерттеушілер бағалауды өз ішінен *жағымды, жағымсыз* деп екіге жіктейді. В.И. Шаховский эмотивті оралымдарда жағымсыз мәнді бағалауыш жиі кездесетінін айтады (Шаховский 1987: 158). Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің сөздіктеріндегі эмотивті-бағалауыштық сөздерді саралау барысында жағымсыз мәнді бірліктер жиі кездесетіні байқалды. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *ақылдымсы, ақылдымсын, алақұс, алкеуде, арбаң, арбаң-арбаң, арбаңда, әйелдігі ұстады (сөйлеу), әкімқара, әкімсі, әкімсін, әуесқой, әуесқойлық, әулиесі, әулиесін, әулиесіт, бажаң-бұжаң, бажылдас, бажылдауық, байдың құйыршығы, байпаң қақты, т.с.с.* лексикалық бірліктерге «жағымсыз» деген белгі қойылған.

Коммуникацияның прагматикалық сипаты коммуниканттардың тілдік бірліктердің эмотивті әсерін дұрыс түсініп, дұрыс қолдана білуіне байланысты болады. Т.И. Кулигина бағалауды сипаттауда құндылыққа ерекше мән берген. Сөйлеуші нысанда белгілі бір құндылық бар екенін анықтаса, ол нысан жағымды болады; ондай құндылық болмаса, жағымсыз нысан ретінде сипатталады (Кулигина 1985: 5).

Субъектінің (сөйлеушінің) нысанға қатысты ұстанымын, танымын, бағасын білдіретіндіктен, эмоция мен бағалау өзара байланысты болады. Н.Л. Лукьянова, Ш.Балли, Е.М. Вольф, И.Н. Худяков, И.Л. Муханов, В.И. Болотов, т.б. зерттеушілер эмотивтілік бағалау барысында көрінетінін айтады. Екеуін үнемі қатар қолдандудың нәтижесінде ғылымда қос сөз (*эмотивті-бағалауыштық*) қалыптасты.

Эмоционалды сөздер мен тіркестердің синтаксисі туралы Ш. Балли, А. Сэше, Ж. Вандриес, С. Гюнтнер, М. Дрешер, С. Нимейер и Ф. Унгерер еңбектерінде сөз болған. Ш. Балли экспрессивті стилистикалық құралдарды *аффективті* және *логикалық* деп жіктесе (Балли 2001: 23), В.И. Шаховский эмотивтерді *аффективтер* мен *коннотативтерге* жіктейді (Шаховский 1987: 101). М. Дрешер дискурстағы одағайлардың көмегімен толыққанды коммуникация орнайтыны туралы сөз етсе (Drescher, 1997: 241), С. Нимейер іскери келіссөздер барысындағы эмоциялардың бейвербалды қолданысын сипаттайды (S. Niemeier, 1997: 277). Ал С. Гюнтнер келтехат жазу барысындағы эмоциялардың репрезентациясын талдаса (Guenther, 1997, 247), Ф. Унгерер ағылшын тілі мен неміс тіліндегі жаңалықтардағы эмоциялардың көрінісін сөз етеді (Ungerer, 1997: 308).

Зерттеу еңбектерінде екі түрлі тіркес (*эмоциялар лексикасы, эмоционалды лексика*) қалыптасқан. Екі тіркес те эмоцияға қатысты болғанмен, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Эмоциялар лексикасы эмоцияларды тілде объективтендіруге, дұрыс атауға бағытталған (тілдің аталым қызметі), яғни онда эмоцияға қатысты ұғымдар нақтыланып, сараланады. Ал эмоционалды лексика сөйлеушінің эмоциясын білдіру үшін, нысанға қатысты эмоциялы бағасын көрсету үшін қолданылады (экспрессивті, прагматикалық қызметі). Мұнда эмоциялы реңкі бар сөздер, адамның түрлі көңіл күйі қамтылады. Екі тіркес те (*эмоциялар лексикасы, эмоционалды лексика*) эмоцияға қатысты болғандықтан, Л.Г. Бабенко олардың басын біріктіріп, «эмотивті лексика» деп атайды (Бабенко 1989: 115). Эмоцияны психологиялық категория, эмотивтілікті тілдік категория ретінде сипаттай отырып, екі түрлі қарастыруға болатынын (тар шеңберде, кең шеңберде) ескертеді. Ғалым эмотивтілікті кең шеңберде қарастырғанда ол эмоцияны бейнелейтін тілдік құралдардың бәріне қатысты болатынын айтады. Ал тар шеңберде

сөйлеушінің эмоциясын білдіретін тәсіл ретінде сипатталады да одағайларға, эмоциялы реңкі бар сөздерге қатысты болады. Эмотивтер одағай сияқты сөздің мағынасымен толық сәйкес келуі де мүмкін, экспрессиялы сөздер сияқты коннотат мәнді болуы мүмкін немесе эмоцияға қатысты сөздердің атауы (атауыш эмотив) болуы мүмкін. Л.Г. Бабенко эмоция мен сезімді экстралингвистикалық фактор ретінде сипаттай отырып, олардың тілдегі көрінісін «эмотивті мән» деп атайды (Бабенко 1989: 89). Эмотивті мән адамның түрлі эмоциялары туралы ақпарат беріп, тілдік құралдарда эмоцияға қатысты семантикалық компонентті сипаттайтын тілдік бірлік ретінде қызмет етеді.

В.И. Шаховский «эмосема» деген атау ұсынып, оны былайша сипаттайды: «Это специфический вид сем, соотносимых с эмоциями говорящего и представленных в семантике слова как совокупность семантического признака «эмоция» и семных конкретизаторов «любовь», «презрение», «унижение» и др., список которых открыт и которые варьируют упомянутый семантический признак (спецификатор) в разных словах по-разному» (Шаховский 1987: 73). Эмотивтер эмоция мен сезімді білдіріп, тілдің барлық деңгейінде қызмет ете алады. В.И. Шаховский эмоция сөз арқылы бейнеленіп, басқаларға түсінікті болатынын, сөз эмоцияны сипаттаумен қатар эмоционалды фактор ретінде тыңдаушының эмоциясын тудыра алатынын, эмоция бағалау нысаны ретінде де сөз арқылы бейнеленетінін айтады (Шаховский 1987: 91). Ғалым сөйленім (речь) эмоцияларды атайтын бірлік қана емес, адамның әлемге қатысын білдіретін құрал ретінде қызмет ететінін айта келіп: «Эмотивный текст – высказывание устное/письменное в пределах одного и более предложений, эмоционально описывающее действительность или передающее наряду с фактуальной также и эмоциональную информацию с помощью минимум одного эмотивного средства, выражающего определённую эмоцию, более или менее адекватно осознаваемую всеми коммуникантами в данной ситуации», – дейді (Шаховский 1987: 28).

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы публицистикалық мәтінде эмотивті мәтін жиі қолданылады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық сөздер тілдің ақпараттық-когнитивтік қызметін көрсетеді. Тіл – ақиқат болмыс туралы ақпарат сақталған қойма іспетті. Адам санасы қабылдаған ақпарат

сөз түрінде сақталып, қабылданады. Яғни сөз ғалам бейнесін түзіп, қалыптастыру үшін қолданылатын кірпіш сияқты. Айналадағы заттарға атау бергенде адамның оны қалай бағалағаны да көрінеді. Адам атау беріп, тілдік жүйеде сақтау арқылы білім қалыптастырады. Соның нәтижесінде ғалам бейнесі түзіледі. Ол ана тілі арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Осыған байланысты профессор Ж.Манкеева: «... Тіл қызметін сол тілде сөйлеушінің жан-жақты қызметі мен болмысынан тыс қарау мүмкін емес. Ал ол қызмет тілдің ұжымдағы коммуникативтік қызметімен ғана шектелмейді. Себебі сол ұжымды ұйыстырушы, тұтастырушы, біріктіруші және жаңа ұрпаққа ұластырушы да – тіл қызметі. Яғни тілдік ұжымда тіл коммуникативті-прагматикалық қызметпен қатар танымдық, құжаттық (кумулятивтік) т.б. қызметтер де атқарады. Мемлекеттік мәртебеге ие тілде бұл қызметтер ерекше сипатта көрініс табуы тиіс. Олай болса, қазақ тілінің жан-жақты қоғамдық, әлеуметтік қызметін негіздейтін, дәлелдейтін, айқындайтын, жаңғыртатын, жандандыратын арқауын анықтауды мақсат ететін жаңаша сипаттағы антропологистикалық бағыт қазақ тіл білімінде де өріс алуы – қоғамдық қажеттілік», – дейді (Манкеева 2010: 86).

Жекелеген адамдардың қоршаған ортаны, айналаны қабылдауы әртүрлі болғанымен, атадан балаға мирас болатын құндылықтар жүйесі, ана тілі, ата дәстүрі ұлтқа ортақ болады. Әр ұлттың өзіндік дүниетанымы, құндылықтар жүйесі, өзіндік тарихы, ұстанымы болғандықтан, ғалам бейнесінде де, эмотивті-бағалауыштық лексикасында да өзгешелік болады. Сол себепті филология ғылымдарының докторы Қ. Айдарбек: «Ғаламның тілдік бейнесінің әр этноста әртүрлі болуы сол халықтың тәжірибесімен, білімімен байланысты, өйткені тілдік таңбаның таңбалау қызметі экстралингвистикалық факторлардың тікелей байланысында емес, адамның көрген-білгені, ойға түйгені білімінің негізі болып табылады. Әр ұлттың, халықтың өмірлік тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, ғаламның тілдік бейнесі де, сол қоғамда өмір сүрген адамдардың тәжірибесі де әртүрлі болады. Сондықтан тілдік тұлға ретінде олардың когнитивтік санасындағы ғаламның тілдік бейнесінде айырмашылықтар болады», – дейді (Айдарбек, 2010: 263).

Әдетте тыңдаушыға ақпарат жетуі үшін ол бірнеше сатыдан өтуі керек: 1) сөйлеуші (коммуникант), 2) ақпарат, 3) байланысты

құралы, 4) тыңдаушы (реципиент) (Reimann 1968: 87). Бұл ретте коммуникант бір не бірнеше адам (телестудия) болуы мүмкін. Сол сияқты тыңдаушы да бір не бірнеше адам (көрермен, тыңдарман, оқырман) болуы мүмкін. Технология дамыған бүгінгі заманда ақпарат түрлі жолдармен беріледі: 1) вербалды тіл арқылы, 2) ым-ишара арқылы (жүзбе-жүз сөйлесу, бейнематериал), 3) ғылым тіліндегі символдар (формулалар) арқылы, 4) көрнек өнері арқылы (сәулет, сымбат, әуезе, кескін), 5) саяси символдар арқылы, 6) діни жоралғылар арқылы, т.с.с. (Baum, 2021: 285). БАҚ мүмкіндігі көбейген сайын адамдардың тұрмысы жақсаруымен қатар ойлау, қабылдау жүйесі де өзгеруде. Соған байланысты америкалық зерттеушілер бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы екі түрлі (күшті, әлсіз) екенін айтады (Denis, Merrill 1977: 68). У. Шрамм бұқаралық коммуникацияның ұзақ мерзімде біртіндеп әсер ететіні туралы айтса (Schramm, 1964: 59), Данвуди (масс-медианың адамға әсері, пікірін өзгертуге ықпалы туралы сөз етеді (Dunwoody 1992: 75). М. Беднарк пен А. Белл бұқаралық ақпарат бәрін түбегейлі өзгертіп жібере алатынын айтады.

И. Уилкинсон эмоционалды сөздерді көбірек қолданған сайын оралымдардың (фраза) эмоционалдық бояуы да қанық болатынын айтады. Ф. Унгерер эмоция оралымның жазба тілде тұрақтанған синтаксистік құрылымын бұза отырып, сөйлеу тіліне тән құрылым түзетінін ескертеді (Ungerer 1997: 307). Дұрысында, мәтіннің эмоционалдық жағынан қанық болуы үшін өзіндік тілдік сипаты, ерекшелігі болуы тиіс, оны синтаксистік құрылымның бұзылуы ретінде сипаттауға болмайды.

Тіл білімінде денотативті және коннотативті макрокомпоненттерді ажырату, «бағалау» және «артықшылық» компоненттерінің орны туралы мәселе де талас тудырып келеді. Зерттеушілер бағалауды түрліше сипаттады: Н.А. Лукьянова, В.Н. Телия, В.И. Шаховский, В.К. Харченко, Н.Б. Лаврентьева, Л.С. Войтик, Э.А. Вайгла, А.В. Филиппов және т.б. зерттеушілер рационалды бағалау сөздің концептуалды және логикалық мазмұнын құрайтын элемент ретінде, эможивтік бағалау коннотация белгісі ретінде көрсетеді. Н.А. Шрамм рационалды бағалау мен эможивті бағалауды ажыратарлық нақты меже жоқ екенін ескеріп, бағалауыштық мәнді сөздердің денотативті немесе коннотативті сипатын айқындау қиынға соғатынын айтады (Schramm, 1964: 62).

Эможивтік-бағалауыштық сөздің денотат және коннотат компоненттеріндегі түрлі ақпарат өзара қарама-қарсылыққа құрылуы мүмкін: 1) коннотаттың субъективті сипаты мен денотаттың объективті сипаты сәйкес келмеуі мүмкін; 2) «адам – ақиқат болмыс – тілдік бірлік» қатынастары логикалық мазмұнмен үйлеспеуі мүмкін; 3) денотат және коннотат ақпараттың негізгі және қосымша мәндері сәйкес келмеуі мүмкін. Эможивтік-бағалауыштық мәнді жүйелі түрде зерттеу арқылы денотат пен коннотаттың арақатысын нақтылауға болады. Рационалды баға мен эможивті баға коннотатты құрайтын элемент болуы тиіс. Эможивтік-бағалауыштық лексикадағы коннотат, бағалауыштық мән әртүрлі болады. Мәселен, қоғамда құндылық ретінде бағаланған кейбір қасиетті жеке адам құндылыққа жатқызуға мүмкін. Сол сияқты жеке адам құндылыққа балап, ұмтылған нәрсесін көпшілік құндылық ретінде санамауы мүмкін. Адамдардың бақытты түрліше түсіндіруі де осыған байланысты. Мәселен, жеке адам «Бақытты болу үшін бай болу керек» деп есептегенмен, көпшілік «Не в деньгах счастье!», «Богатые тоже плачут» – деп, оны мансұқтауы мүмкін. Бұл орайда Сократтың «Ақшаға төсек сатып алғанмен, ұйқы сатып ала алмайсың; тамақ сатып алғанмен, тәбет сатып ала алмайсың; дәрі сатып алғанмен, денсаулық сатып ала алмайсың; құл сатып алғанмен, дос сатып ала алмайсың; үй сатып алғанмен, береке сатып ала алмайсың; ойын сатып алғанмен, қуаныш сатып ала алмайсың; мұғалім жалдағанмен, ақыл сатып ала алмайсың» деген сөзін де мысал ретінде келтіруге болады.

Тіл білімінде лексикалық мағынаның екі түрі – денотат пен коннотат – көрсетіледі. Бірқатар зерттеушілер үш түрін атайды: денотат (логикалық-заттық), коннотат (эможивті), бейнелі компонент (функционалды-стистикалық). Мағына құрылымындағы денотаттың негізгі мәні мен коннотаттың қосымша мәнін анықтау да оңайға түспейді. Кейде денотат мәні айқын көрінбеуі де мүмкін. Мәселен, орыс тіліндегі *блеск*, *ужас* сөздері жағымды мәнде де, жағымсыз мәнде де қолданыла береді. Сол сияқты қазақ тілінде *сұмдық*, *масқара* сөздері де түрлі мәндерде кездеседі. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «сұмдық» сөзінің мағынасы былайша сипатталған:

Сұмдық з а т. 1. *Қара ниеттілік, арамзалық, сұмырайлық*. Көрдің бе арыстекемнің мерт болғанын, жеңіліп дұшпанынан дерт болға-

нын? «Ісімнен күнә сұмдық болды ма?» – деп, Зұлымдық қылмасқа енді серт қылғанын (М.Дулатов, Шығ.). Жалмауыздай жалаңдап, Ар-ұяттан күсіппін. Құлық пенен сұмдыққа Құладындай ұшыппын (Абай, Тол. жин.). Ауырмақ түгіл, түшкіріп жүрген адам жоқ, Зұлымдық, сұмдық болмаған сынды әлемде (Ж.Жақыпбаев, Лэйлә). 2. *Жайсыздық, жайсыз жағдай, жаман хабар*. Жел сипап, Күн күліп, Мазак қып сүйген соң Боларын бір сұмдық Ішінен түйген соң (М.Жұмабаев, Шығ.). Ол Лэйлі күннен күнге нашарланды, Ұйқы жоқ, тыныштық жоқ, астан қалды. Бір сұмдық денесінен сезді дағы Шақырып ата-анасын қасына алды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ұлықтар мына сұмдықты естігенде тағы да біраз уақытқа шейін жүні жығылып, естері шығып қалды (М.Әуезов, Қилы заман). Бірте-бірте бел алып, Тапты мекен-тұрақты... Бір сұмдықтың боларын біліп жүрген сияқты (С.Жиенбаев, Алтын қалам). // *Жайсыз, жаман, шошынарлық*. Махамбет ақын өлерінен екі күн бұрын айналасындағыларға өзінің жан шошынарлық сұмдық түс көргенін, түсінде иығынан үзіліп түскен өз басы өзіне қоштасу айтып тұрғанын әнгімелеген (М.Шаханов, Ғасырлар.). Сондағы соңғы сөзі түскен бастың: «Азаттық!» – Ер өмірі қысқармасын Білмеген қарғыс атқан, сұмпайылар ұқпады бұдан сұмдық іс болмасын (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). 3. *Қиындық, азап*. Әзер шыдап тұр жігіттер қан қайнап, Тілін тістеп, жіберердей айғайлап... Неше түрін көрсе де олар сұмдықтың, Мына азаптың барады уы жан жайлап (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Көрген жұрт жимай тұрды әлі де есін, Тағдырдың сұмдығына ел не десін? Белбеуін солдат сонда шіреп буып, Көтеріп алды жерден өлі әкесін (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). 4. *Масқара, адам айтқысыз жағдай*. Адам боп туып әуелде, Итке айналған не сұмдық? Заманақыр келерде Жоғалта ма есін жұрт? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Ат мойнын қорыққанымнан бұрып алдым, Боларын бір сұмдықтың біліп алдым. Жабылып қамшыменен ұрған шақта, Басымды жаман тонға тығып алдым (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ертеңгілік семіз уәзір бір сүрініп, бір құлап, Шырт ұйқыда жатқан ханды зорға оятты жұлқылап. – Ойбай, сұмдық! – Енді қайттік, тез тұрыңыз, ұлы хан, Осы болар құрыған (М.Шаханов, Ғасырлар.). Аштық жылы жолда өлді ғаріп ана, Сатылды қыз бір уыс тарыға да. Аш келіншек баласын қамап кетті, Көрмеді ондай сұмдықты кәрі дала (С.Мәуленов, Алыс

кет.). // 5. *Ерекише, тылсым*. Тұяқ та жоқ тігерге, дым қалмаған, Жау жалмаған, жабысып құм жалмаған, Сырлар бар-ау қойнында, туған далам, Ақтарылған қанынан қазағыңның Құзғыны да Құдайдың құр қалмаған. Сенде ме?.. Сенде сұмдық сыр бар, далам (М.Мақатаев, Шығ.) (Қазақ әдеби тілінің сөздігі 2011: 369). Байқап отырғанымыздай, «сұмдық» сөзінің алғашқы 4 мағынасы жағымсыз мәнді болса, 5-мағынасы бейтарап (жағымды). Мысал үшін алынған М.Мақатаевтың өлеңінде жағымсыз мән жоқ.

Эмоциялы бағалау әркелкі болады: кейде эмоция басым түссе, енді бірде бағалау басты орынға шығады. И.А. Стернин сөздіктегі анықтамаларды негізге ала отырып, бағалауыш мәнді сөздердің денотативтік және коннотативтік мәндерін нақтылауға тырысқан: *врун – тот, кто говорит неправду, и это плохо; маляр – 2. перен. Плохой, неумелый художник* (Стернин 2009: 26). Сөздіктердегі анықтамаларды негізге ала отырып, эмотивті-бағалауыштық сөздердің денотат және коннотат мәндері сипатталған. Алайда бұл тәсілге ғана иек артуға болмайды. Себебі орыс тіліндегі *маляр* сөзінің ауыспалы мағынасы «орашолақ, қолынан іс келмейтін, дарынсыз суретші» (неумелый, неталантливый художник) дегенді білдіріп, жағымсыз мәнде қолданылады. Ал тура мағынасында ол белгілі бір кәсіп иесін білдіреді. Сондықтан сөздің денотат, коннотат мәндерін нақтылауда бұл әдіс жеткіліксіз.

Ағылшын тілінің сөздік корпусында қандай сөздер эмоционалды күйді білдіре алатыны нақты көрсетілген:

- эмоцияны білдіретін үстеулер: *icily, viciously, lovingly, etc.*;
- эмоцияны білдіретін етістіктер: *wail, shriek, squeal, groan, hate, love, adore, etc.*;
- эмоцияны білдіретін зат есімдер: *tears, laughter, smile, scorn, etc.*;
- эмоцияны білдіретін сын есімдер: *angry, tender, happy, pale, etc.*

Эмотивті мәтінді өз ішінен тілдік (эмотивті сөздер мен тұрақты тіркестер, эмотивті құрылымдар, лексикада көрініс тапқан кинемалар мен просодемалар) және тілдік емес (эмоционалды пресуппозиция, эмоционалды дйттем, коммуниканттардың позициялары, эмоционалды қалып-күй, т.б. қамтылған эмоционалды жағдаят) бөліктерге жіктеуге болады (Шаховский 1987: 145). Сөзге атау беретін кезде адам сезімін білдіреді. Алайда сезім тілде анық, біркелкі көрініс таба бермейді.

Адамның логикалық ойлауы мен эмоционалды ойлауы бірдей болмайды. Осыған байланысты Н.Н. Амосова кез келген ақпарат мида өзара байланысты екі түрлі бағдарлама (зияткерлік және эмоционалды) арқылы өңделетінін айтады (Амосова 2010: 114).

Эмоционалды күйді білдіретін сөздерді талдау арқылы түрлі мәдениет өкілдерінің дүниетанымын, құндылықтар жүйесін айқындауға болады. Орыс тілінде «паук» сөзі ауыспалы қолданысында жағымсыз мәнге ие болады: *Один провинциальный литератор (кажется, Слово-Глаголь), долго не получавший от него гонорара, прислал ему сердитое письмо: «Вы эксплуататор, паук, из-за вашего кровопийства я живу в нищете, у меня нет ни хлеба, ни дров...» и т. д.* (К. И. Чуковский. Короленко в кругу друзей).

– *Что тебе от меня надо, психопат? – заскулил Фрам.*

– *Вы свою долю получили. – Паук-мироед, – восхитился Юрка.*

– *Что нам от тебя надо? – сказал Димка. – Как ты думаешь, Юрка?* (Василий Аксенов. Звездный билет // «Юность», 1961).

– *А под вашей полною достоинства личиною, – отнёсся артист к Дунчилю, – скрывается жадный паук и поразительный охмуряло и врун* (М. А. Булгаков. Мастер и Маргарита, часть 1).

Но как всё это существует в минуту капитализма, то имеется также противный класс в трех вёрстах, а именно бывший паук, то есть помещик Тарантаев, который, конечно, сосал нашу кровь, а обратно из-за границы привозил себе всевозможные предметы в виде голых статуй, и эти статуи у него в саду рассавлены почём зря, особенно одна с копьём, в роде бог – конечно, не наш православный, а так себе (Е. И. Замятин. Слово предоставляется товарищу Чурыгину).

В конце XV века Людовик XI, хитрый король-паук, продолжил дело своих предшественников, собрав воедино расползающуюся по швам страну и покончив с независимостью Бургундии и ее рафинированной придворной культурой (Алексей Тарханов, Алексей Асланянц, Дмитрий Бегляров. Париж).

Мерзок русский человек в похоти, мерзок; глист, паук, мокрица, гадюка – и то не мерзее!.. (С. И. Шуляк. Квартира номер девять. Роман с чертовщиной // «Волга», 2013).

– *Ну... «Е – Ё» будет мне, сам понимаешь... «Х» мы делаем наполоам с одним профессором,*

а «Б» пришлось отдать ему же, потому что у него связи среди издателей еще больше моих... Но я ему, науку очкастому, это припомню. А ты возьми «М», «Л», даже, может быть, «С», если подкинешь деньжат... Тряхнем ВМПС имени Тургенева, как остроумно сказал один современный писатель. – Что тряхнем? (Леонид Саксон. Принц Уэльский // «Октябрь», 2001).

Я вывернута наизнанку: не знаю, как смогу пережить все, что вижу, – людей; взаимоотношения; страсти; взятки; борьбу за доходные места; за места, на которых можно выжить; за кусок хлеба – науки в банке, только в банке побеждает сильнейший, а здесь хитрейший, подлейший (Татьяна Окуневская. Татьянин день).

Конечно, самая лакомая и самая беззащитная жертва этих редакционно-издательских пауков – автор молодой и начинающий (А. Мильчин. В лаборатории редактора Л. Чуковской // Октябрь, 2001).

Соған сәйкес «паук» сөзінің ауыспалы мәні «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» «Перен. Символ жестокой и ненасытной жадности, эксплуатации»; «Қазіргі орыс әдеби тілінің сөздігінде» «Перен. Разг. О жестоком человеке, эксплуатирующем чужой труд, вымогающем у другого последнее достояние; «Орыс тілінің сөздігінде»: «Разг. О том, кто жестоко эксплуатирует кого-л.»; «Үлкен түсіндірме сөздікте» «Разг. О том, кто жестоко эксплуатирует кого-л. Ты настоящий п., сосёшь из меня все силы» (Национальный корпус русского языка URL: ruscorpora.ru) түрінде берілген.

Ал қазақ тілінде «өрмекші» сөзі мұндай мәнде қолданылмайды. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бұл сөздің ауыспалы мағынасы мүлде көрсетілмеген:

Өрмекші¹ зат. зоол. 1. Тор құрып, шыбын-шіркейді аулап қоректенетін жәндік. Жемін көріп қалған өрмекші түсіп келген жібінің бойымен қайта жоғары өрмелеп, лезде торының шетіне жетті (Қ.Исабаев, Ажалқұрсауы.). 2. <лат. *aranei*> Құрлықта тіршілік етіп, өкпемен және трахеямен тыныс алатын, бас-көкірек бөлімінде алты жұп аяқтары орналасқан буынаяқты жыртқыш жәндік. Зоологтардың соңғы зерттеулерінің нәтижесіне қарағанда, еңбиік тау шыңында тіршілік ететін жәндік – өрмекші екендігі анықталды (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Өрмекшілер зиянды жәндіктермен қоректеніп, оларды едәуір мөлшерде жояды (Қаз. тілі термин. Биология)

(Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 202). Яғни қазақ дүниетанымы мен орыс дүниетанымының алуан түрлілігіне байланысты сөздің коннотат мәндерінде ерекшелік болатынын аңғарамыз. Екі тілдегі ғаламның тілдегі көрінісінде бірқатар өзгешеліктер болуына байланысты аударма барысында «паук» сөзінің ауыспалы мәнін «өрмекші» түрінде бере салуға болмайды. Себебі «өрмекші» сөзі қазақ дүниетанымында орыс тіліндегідей жағымсыз мәндегі ассоциация тудырмайды.

Эмотивті-бағалауыштық сөзде «эмотивтілік» те, «бағалауыштық» та болуы мүмкін. Сол себепті зерттеушілер оларды коннотативтік макрокомпонент ретінде сипаттайды. Лексикалық мағынаның бұл компоненттері субъективтіліктің алуан түрлі деңгейін көрсететіндіктен, сананың түрлі бөліктерін бейнелейді. Ақиқат болмысты когнитивті, эмоциялы тұрғыдан бейнелесек, эмоция мен баға өзара астасып кетуі мүмкін, оларды ажырату да қиынға соғады. Эмоцияның бағалауыштық қызметі туралы В.К. Вилюнас, Н.В. Витт сияқты ғалымдардың еңбектерінде сөз болады. Ғалымдар эмоция адамға тән болғандықтан, субъективті элементке жатқызады.

Е.М. Вольф, В.И. Шаховский, Г.А. Золотова, Дж.Фодор сияқты зерттеушілер коннотацияның эмоциялық және бағалауыштық элементтері тығыз байланысты болатынын айтады. Осыған байланысты Н.А. Лукьянова: «Оценочность, представляемая как соотносительность слова с оценкой, и эмоциональность, связываемая с эмоциями, чувствами человека, не составляют двух разных компонентов значения, они едины, как неразрывны оценка и эмоция на внеязыковом уровне», – дейді (Лукьянова 1976: 45).

Эмотивті-бағалауыштық лексиканы зерттеу барысында жағымды және жағымсыз мәнді тілдік бірліктердің қолданысы, өрісіне де мән беріледі. Жағымды не жағымсыз мәнді эмотивті-бағалауыштық сөздердің қолданысы микро (сөзде) және макродеңгейге (сөз аралығында) жіктеледі. Мәселен, орыс тілінде «ақымақ» («глупый человек, низкий интеллект, глупое поведение») деген мағынаны білдіру үшін жүздеген лексикалық бірлік қолданылады. Мұндағы «ақымақ» сөзі түрлі қырынан сипатталады:

– сырт көрінісі бойынша: *дурак, идиот, кретин, осел, болван;*

– себебі: *балбес, обалдуй, осел, павлин, самовлюбленный дурак, молокосос, второгодник;*

– тұрақты не уақытша болуы: *сглупить, сморозить, сболтнуть, валять дурака, придуриваться, вести себя как дурак, выставлять себя дураком, идиотом;*

– адамдық сипатына қарай: *самовлюбленный дурак, самоуверенный дурак, идиот, павлин, осел, дубина, козел, дурак с инициативой, т.с.с.*

«Жалқау» лексикалық тобына қатысты сөздердің бәрінде де эмоциялы-бағалауыштық мән бар: *балбес, прост., барин – барыня, разг., бездельник – бездельница, разг., белоручка, разг., гуляка, разг., дармоед – дармоедка, разг., захребетник, устар., квашня, прост., колода, прост., лайдак, прост., лежебока, прост., ленивец, лентяй – лентяйка, разг., лень, лоботряс, прост., лодырь, прост., нахлебник, оболтус, прост., пень, прост., прихлебатель, разг., прогульщик – прогульщица, симулянт – симулянтка, трутень, разг., туняедец – туняедка, увалень, разг., чурка, прост., шалопай, прост., шалопут, прост., шатун, прост.* (Лукьянова 1986: 109). Бұл қатарға зат есім, сын есімдермен қатар етістіктерді де, тұрақты тіркестерді де қосуға болады: *бездельничать, лентяйничать, лодырничать, лоботрясничать, балбесничать, баклушничать, шалопайничать, повесничать, прогуливать, вольничать, канителиться, волокитить, проволочки, безделье, праздность, бездельничание, ничегонеделание, повеса, тюлень, ленивый, праздный, лентяйский; бить баклуши, плевать в потолок, лежать на боку, пинать воздух, болтаться без дела, валять дурака, лодыря гонять, хронический перекур, т.с.с.* Келтірілген тілдік бірліктердің бәрі жағымсыз мәнде қолданылады. Оған қарама-қарсы мәнді «еңбекқор» сөзі жағымды мәнді *трудога, работага, муравей, пчела, вол, ишак, ишачить, вкалывать, работающий, трудолюбивый, трудоголик, труженик* сияқты сөздерден құралады. Байқап отырғанымыздай, жағымсыз мәнді тілдік бірліктермен салыстырғанда жағымды мәнді бірліктер әлдеқайда аз.

Тілдік бірліктердің эмоциялылығы мен бағалауыштық сипаты бірмәнді (*лентяй, бездельник, ленивец*) немесе көп мәнді (*охламон, повеса, шатун, шалопай, шалопут, увалень, т.б.*) болып келеді. Көп мәнді эмотивті-бағалауыштық сөздер өз ішінен бірнеше топқа жіктеледі: а) интенсивтілігіне қарай (*лодырь, лодырюга, дармоед, ничегонеделание, пинать воздух*), белгісіне қарай (*гуляка, гулена, лежебока, прогульщик, повеса, тюлень*), себебіне қарай (*балбес, неуч,*

разгильдйай, недоросль, лоботряс). «Жалқаулық» мәнін білдіретін жағымсыз сипаттар «ақымақтық», «оңбағандық», «көргенсіздік», «тәрбиесіздік», т.с.с. мәндермен астасып, ұласып кетеді.

Коннотативті немесе прагматикалық сипатқа ие бірліктердің мағынасы сөздіктерде нақты беріліп, сөйлеу барысында дайын бірлік ретінде қолданылады. Мәселен, коммуниканттар әлеуметтік тұрғыдан тең болмаған жағдайда *бранить, дерзить, грубить, лебезить*, т.б. бірліктер қолданылады: *внук дерзит, грубит бабушке; бабушка бранит внука*. Бұл орайда коммуниканттардың орындарын ауыстыруға болмайды, яғни *внук бранит бабушку, бабушка грубит внуку* түрінде қолданылмайды. Бұл – сөйлесушілердің әлеуметтік мәртебесіне байланысты. Алайда «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *зекі, ұрыс* етістіктерін сипаттауда бұл ерекшелік назардан тыс қалған:

Зекі = ет. *Жекіріп тастау; ұрсу, ақыру*. Абай тіпті ыза қыла берсе, *зекіп*, ұрсып, қуып жіберетін (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ағалары біресе *зекіді*, біресе жалынады (М.Дулатов, Шығ.). Малды сауарда *зекімейді* — сүті кетеді (Қазақы тыйым.) (Қазақ әдеби тілінің сөздігі 2011: 126).

Ұрыс² = ет. 1. *Керісу, дауласу, жанжалдасу*. Ерлі-қатын *ұрысар* да керісер, Керісер де келісер (мақал). Екі көз бір-біріне дұшпан болып, Болса да қандай жақын сене алмайды, *Ұрысса* қатын-бала әлдеқандай, Үйіне бірі-бірінің ене алмайды (М.Дулатов, Шығ.). Бақытына кез бопты долы қатын, Мұны алған ер жанжалға молығатын, *Ұрысса* бар адамды жеңбей қоймас, Бір үй түгіл, бір ауыл торығатын (Шал ақын, Өлеңд.). 2. *Қатты сөз айту, сөгу*. Өзің үлкен, қылығың бала-шаға, Балаша мәз боп жүрсің тамашаға. Әкесі *ұрысса* балаға, ол да достық, Баласы *ұрысса*, әкеге жараса ма? (Абай, Тол. жин.). Ал енді баланы ұрма, *ұрысна*, сөкпе дегеннен бала біржола тізгінсіз болсын, істеген істері туралы ешкімге жауап бермесін деген сөз шықпайды (М.Жұмабаев, Шығ.). 3. *Араздасу*. Ағайынмен *ұрысып*, Араздасып кетердей. Отырасың тырысып, Сіркең бір су көтермей (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). 4. *Соғысу, төбелесу, қырқысу*. «Тыныштық, Ауке, тыныштық, Төздік қой, жетер, қатерге. Алыстық, жеңдік, *ұрыстық*, Кетеді күрес бекерге (М.Мақатаев, Шығ.). Кемпір, шалдар кемсеңдеп, Ақылдан танып мәңгірді. Жауыр болған жарлы елді, Есінен Сұлтан тандырды, Аянар бұдан жан жоқ деп, Ер азамат сап құрып, *Ұрыснаққа* кам қылды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). 5. *Күңкілдеп, жақтырмай сөйлеу*.

Балалары тағы жүр күңкіл етіп *ұрысып*. Әкем сорлы үндемей, Төрде отыр құнысып; Үстінде тәуір киім жоқ, Қаудыр тоны құрысып. Құда келді демейді, Бай елей ме кедейді? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). 6. *Ақыл айту, дұрыс жолға бағыттау*. Қарадым кісем түсіп қалды ма деп, Балалар соған айтам салды ма деп. Анықтап, алдағынын білгеннен соң, *Ұрыстым* балалардың алдына кеп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ол бір мезгілде көзі маған аударып, әрі *ұрыса*, әрі ақыл айта сөйледі (Н.Ғабдуллин, Сар жапырақ). 7. *Налу, қана болу*. Періште емес, Еске салар перінді Сол келіншек қозғап кетті шерімді. Баласы емес, Енесі емес, Байы емес, – Бақытына *ұрысқандай* көрінді! (Қ. Мырзалиев, Мәңгі майдан) (Қазақ әдеби тілінің сөздігі 2011: 749).

Лексикографиялық еңбектердегі эмотивтік-бағалауыштық бірліктердің берілуі ғана емес, коммуниканттардың жасын, жынысын, білімін, әлеуметтік мәртебесін, т.б. ескере отырып, медиаскурста эмотивтік-бағалауыштық бірліктерді қолданған жеке адамның не тұтас ұжымның ерекшелігі сипатталады, тілдік тұлғаның діттемі, тілдік актілердегі стратегиясы мен тактикасы, аялық білімі, санасындағы ғалам бейнесі нақтыланады. Эмоция білдіруде тік және көлденең дистанция ескеріледі. Басшы мен қызметкердің арақатынасы, әке мен баланың, аға мен інінің, әжесі мен немересінің арасындағы қатынас тік-көлденең дистанцияға байланысты. Арасы жақын болған сайын эмоция еркін білдіріледі де алыстаған сайын эмоция жасырын болады, қашықтық сақтайды.

Эмоция вербалды, бейвербалды түрде, түрлі деңгейде көрініп, әр ұлттың өзіндік ерекшелігін сипаттайды. Мәдениетаралық қатынаста түрлі мәдениет өкілдерінің эмоциясын дұрыс түсініп, қабылдай білу керек. Әсіресе вербалды коммуникацияда өзара тіл табысып, толыққанды диалог орнату үшін ол аса маңызды. Арабтар мен латынамерикалықтар эмоцияларын жасырмай, ашық жеткізсе, ағылшындар, қытайлар мен жапондар эмоциясын білдіре бермейді. Қазақтар да сабырлық танытып, мінезін көрсете бермеуге тырысады. Эмоция бейберекет көрсетіле бермейді. Мәселен, қазақтарда үлкенді сыйлау, ер адамға кезек беру, үлкеннің сөзін бөлмеу, пікірі сәйкес келмей жатса да, сыпайылық таныту сияқты ұлттық дәстүр ескеріледі. Қазақ халқының мақал-мәтелінде тәрбие, дәстүр анық көрінеді.

Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без,
Ана тұрып, қыз сөйлегеннен без.

Арлы арына қараса, арсыз «жеңдім» дер.
 Аюды жеңген – жарты ер,
 Ашуды жеңген – бүтін ер.
 Бұлақтың жақсы болмағы – сағасынан,
 Баланың жақсы болмағы – анасынан.
 Шын ер жеңсе тасымас,
 Жеңілсе жасымас.
 Батырды «бәрекелді» өлтіреді.
 Саналы адам сағынды сындырмас,
 Санасыз адам жағынды тындырмас.
 Ақылды «көңдім» десе,
 Ақымақ «жеңдім» дейді.
 Ақымақ басқа адырайған көз бітер.
 Апандай ауызға саудыраған сөз бітер.
 Ақымақ ішкен-жегенін айтады,
 Ақылды көрген-білгенін айтады.
 Ақымаққа айтқан сөз далаға атқан оқпен тең.
 Ақымақпен астаспа
 Ақылдымен қастаспа.
 Ақымаққа айла жоқ,
 Айтқанменен пайда жоқ.
 Қорқақтың көзі үлкен,
 Ақымақтың сөзі үлкен.

Мәдениетаралық қатынаста эмоцияны дұрыс түсініп, қабылдай білу керек. Түрлі мәдениет өкілдері эмоциясын түрліше білдіруі мүмкін. Ағылшындар эмоцияларын сыртқа шығара бермейді, ал орыстар, керісінше, өздерін еркін ұстайды. Осыған байланысты орыстар ағылшындарды тым ұстамды, суық халық ретінде қабылдаса, ағылшындар орыстарды «тым ұшқалақ, әсершіл халық» деп есептейді. Ю. Кульбит: «Сдержанные англичане» в общении часто демонстрируют удивительную эмоциональность и экспрессивность, давая завышенную оценку как собеседнику, так и всему происходящему и наблюдаемому «It's absolutely marvelous. – Это совершенно чудесно. I really love it. – Мне очень-очень нравится / You are absolutely fantastic. – Ты совершенно фантастический / That's brilliant. – Это просто блестяще». В то же время «эмоциональные русские» в повседневном общении ведут себя более сдержанно, по сравнению с англичанами. Чтобы понять данные противоречия, как и вообще особенности проявления эмоций в разных культурах, следует различать такие понятия, как эмоциональность и эмотивность. В первом случае эмоции носят естественный, спонтанный характер, являются открытой демонстрацией чувств (это эмоции для себя); во втором — проявление эмоций носит преднамеренный характер и представляет собой

определенную стратегию коммуникативного поведения, направленную на собеседника (это эмоции для других)», – дей келіп, орыстармен салыстырғанда ағылшындардың коммуникациясында эмотивтілік басым екенін айтады (Кульбит, 2010: 65). Зерттеуші эмоцияны бағытталуына қарай жіктей отырып, қасындағы кісіні сөзге тарту, әсерімен бөлісу мақсатында айтылған эмоциялы сөзді «эмотив» деп атайды да өз әсерін білдірген қолданыстарды «эмоционалдылық» деп атайды. Сол себепті Ю. Кульбит: «ағылшындарға эмотивтілік тән, орыстарға эмоционалдылық тән», – деп есептейді (Кульбит 2010: 65).

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалауыштық сөздердің мәнін дұрыс қабылдап, орнымен қолдана білген жағдайда ғана коммуниканттар арасында түсіністік, сыйластық орнайды. Эмотивтік-бағалауыштық дискурсындағы тілдік тұлғаны зерттеу сөйлеушілердің тілдік қабілетін, эмотивтік-бағалауыштық мәнді құрылымдарды тудыру не қабылдауға қаншалық дайын екенін нақтылауды қажет етеді. Бұл орайда тілдік тұлға эмотивтік-бағалауыштық бірліктерді бейберекет қолдана салмайтыны, ол тілдегі жүйеге сәйкес келуі керек екені де ескерілуі керек.

Коннотация адамның сезімі, ақиқат шындыққа қатысын білдіретіндіктен, ол іштей *эмоциялы, бағалауыштық, бейнелі, экспрессивті* болып бөлінеді. Эмоция адамның әлеуметтік орнын, адамгершілігін көрсетеді. Адам сөйлемей-ақ эмоциясымен көңіл күйін, жақтыратынын не жақтырмайтынын білдіре алады. Түрлі ұлт өкілдері адамның кейпіне қарап-ақ ашуланып не қуанып, ренжіп не мұңайып тұрғанын, қорқып не таң қалып тұрғанын біле алады. Адам сөйлеу арқылы эмоциялық қалпын білдіреді. Тілдің эмотивтік қызметі эмотивтік код арқылы жүзеге асады. Ол (код) тілдің құралдардың көмегімен тілдің эмотивтік функционалды өрісін қалыптастырады.

Бағалауыштық мән мен эмоциялы сипаттау өзара тығыз байланысты болғанмен, үнемі тең түсе бермейді. Сол себепті тілде бағалауыштық мән алуан түрлі болуы мүмкін. Ол объективтік, субъективтік факторларға да байланысты болады. Денотат ақиқат болмысты шынайы бейнелесе, коннотат сөйлеушіге, коммуникативтік жағдаятқа байланысты болады. Денотат логикалық-заттық мәнде қолданылатындықтан, зат, құбылыстың нақты сипаты, сапасын білдіреді. Яғни денотат – сатылай байланысқан, көпкомпонентті лек-

сикалық семантиканың бөлігі, коннотат – лексикалық мағынаның шеткергі аймағы, сөйлеушінің көңіл күйін, белгілі бір адамға не затқа қатысын білдіретін, қосымша мән. Денотат мазмұнын сипаттау нәтижесінде сөйлеушінің сол мінезге, болмысқа қатысын, эмоциясын, бағалауын білдіретін коннотатты мазмұнын да нақтылауға болады.

Белгілі бір нысанға қатысты қалыптасқан пікір-тұжырымға сүйенген, айқын когнитивті негізі бар эмоция тудыратын баға эмоцияға қатысты болғанмен, адамның әлемге біршама объективті қатынасын көрсетеді. Бағалауыштық мәннің субъективті, объективті компоненттері өзара диалектикалық бірлікте болады. Бағалау – субъектінің объектіні тілдік бірліктердің көмегімен сипаттауы. Логикадағы «баға» ұғымы тіл біліміндегі «бағалау» семантикалық категориясымен сәйкес келеді. Яғни бағалауға қатысты пайым-түсінік тілде логика-семантикалық категория ретінде сипатталады. Бағалау категориясы экспрессивтілікпен тығыз байланысты болғанмен, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар: бағалауда адамның белгілі бір нысанға көзқарасы, оның пайдалы-зиян тұстары нақтыланса, эмоционалды-экспрессивті мәнде адамның соған қатысты сезімі, әсері, эмоциясы көрініс табады.

Лексиканы өз ішінен эмоциялық реңкі бар және эмоциялық реңкі жоқ сөздерге жіктеуге болады. Эмоциялық реңкі бар сөздерге эмотивтер жатады. Эмотивтерге тілдегі ұқсас эмоцияны білдіру үшін қолданылатын тілдік бірліктер жатады. Эмоциялық реңкі жоқ сөздер лексиканың басым бөлігін құрайды. Бұл топқа атауыш лексика жатады. Эмоция мен сезім тілдік құралдармен берілген жағдайда ғана тілдік тұрғыдан талдана алады. Бұл орайда эмоционалды сөйленімдегі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды ескеру керек. Коммуникативті жағдаятқа, нақты сөйлеу актіне қатысты эмотивті-бағалауыштық мәнді сөздерді аса сақтықпен қолдану қажет. Яғни эмотивті-бағалауыштық сөздер сөйлеушінің танымына, бағалауына, адресатқа, коммуникативті жағдаятқа байланысты болады. эмотивті-бағалауыштық сөздің лексикалық мағынасымен қатар эмоцияның берілуі, эмотивті-бағалауыштық, бағалауыштық мәндердің берілу жолдарын да нақтылау қажет.

Қорытынды

Бұқаралық ақпарат құралдары – баспасөз, радио, телевизия, фильм, интернет арқылы берілетін ақпарат ауызша, жазбаша мәтін, бейнекөрініс, дене қозғалысы, дыбыс, әуен, т.с.с. негізінде семиотикалық кешен құрайды. Алуан түрлі семиотикалық жүйелердің жиынтығынан құралған ақпарат түрлі құралдармен (аудио, бейнежазба, компьютер, т.с.с.) жеткізілетіндіктен, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы күшті, тілі әсерлі болады. Бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастырады. БАҚ арқылы берілетін хабарламада қандай да бір ақпаратпен бірге автордың бағасы да көрінеді. Ол жеке адамның көзқарасы немесе белгілі бір әлеуметтік топтың ұстанымы болуы мүмкін.

Тілдік бірлік арқылы көрініс тапқан эмоциялар сол тілде сөйлеушілердің бәріне түсінікті болады. Таным-түсінігі ортақ болуына байланысты белгілі бір ұлт өкілдерінің санасындағы ғалам бейнесі де ортақ болады. Коммуникативті жағдаятқа сәйкес туындаған мәндерді толық бейнелеу үшін тілдік бірлікті түрлі қырынан сипаттау керек. Сол арқылы сөйлеушінің айналасына, адресатқа қатысы, тілдік жағдаятқа сәйкес лексикалық бірліктерді қалай сұрыптағаны көрінеді.

Эмотивтік-бағалаушы лексика мағыналық құрылымында денотативті және коннотативті макрокомпоненттер қамтылған тілдік лексикалық жүйесі ретінде сипатталады. Антропоэлектік бағыттағы зерттеулерде семасиологиялық сипатты мәселелер (денотативті және коннотативтік компоненттердің өзара қатысы, көлемі, мазмұны) сөз болады. Бұл орайда әсіресе «сөйлеуші мен тілдік бірліктің» өзара қатысына ерекше мән беріледі. Сол арқылы тілдік тұлғаның ғалам бейнесін қалай қабылдап, қалай сипаттайтыны, ғаламның тілдік көрінісі айқындалады.

Эмоция тілде көрініс тапқан кезде атауыштық немесе предикативті қатынасқа түсіп, субъектінің жағымды не жағымсыз әсерін білдіреді. Эмотивті лексика өз ішінен екіге жіктеледі. Эмоциялар лексикасы тілдегі эмоцияларды көрсетіп, атауыштық (номинативтік) қызмет атқарса, эмоционалды лексика сөйлеушінің алуан түрлі көңіл күйін білдіріп, эмотивті бағасын көрсетеді де экспрессивті,

прагматикалық қызмет атқарады. Бағалау категориясы «жағымды, жағымсыз бағалау» негізінде шоғырланып, реттелген құрылым болып табылады. Алуан түрлі эмотивті сөздер эмотивтілік категориясында шоғырланады. Эмотивтілік категориясында эмоцияны білдіретін тілдік бірліктер бас қосып, түрлі деңгейдегі тілдік бірліктер мағына жақындығына қарай топтасады.

Публицистикалық мәтіндегі эмотивтік-бағалаушытық мән тілдің түрлі деңгейлерінде

көрініс табады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалаушытық лексика қоғамдық пікірді қалыптастырады. Бір ұлт өкілдерінің эмотивтік-бағалаушытық мәнді тілдік бірліктері адресаттың қоғамдық санасына ықпал ете алады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалаушытық мәннің берілуін, түрлі ұлт өкілдерінің таным-түсінігін саралай білу арқылы когнитивті ерекшелігін, мәдениетаралық коммуникацияны дұрыс ұйымдастыру жолдарын меңгеруге болады.

Әдебиеттер

- Wierzbicka A. A response to Michael Bamberg. *The Language of Emotions*. – Amsterdam: John Benjamins Publishing Company, 1997. – P. 227-232.
- Bamberg M. Emotional talk(s): the role of perspective in the construction of emotions. *The Language of Emotions*. – Amsterdam: John Benjamins Publishing House, 1995. – P. 209-226.
- Додонов Б.И. В мире эмоций. Эмоция как ценность. – Москва: Политиздат, 1978. – С. 49-50.
- Лукьянова Н.А. О соотношении понятий экспрессивность, эмоциональность, оценочность // Актуальные проблемы лексикологии и словообразования. – Вып. 5. – Новосибирск, 1976. – С. 4.
- Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. – 2-е изд., доп. – Москва: Эдиториал УРСС, 2002. – 280 с.
- Ефимов А.И. Стилистика художественной речи. – Москва, 1957. – С. 83-85.
- Комарова А.М. О соотношении субституции и экспрессивности // Экспрессивность на разных уровнях языка. – 1984. – С. 32.
- Ашимбетова Р.Д. Глаголы физического восприятия и их место в языковой картине мира: дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2000. – 121 с.
- Темиргазина З.К. Оценочные высказывания в современном русском языке: дис. ... докт. филол. наук. – Алматы, 1999. – С. 46
- Ахмет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары. / Құрастырған Е.Тілешов, Н.Аитова. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 660 б.
- Ахметжанова З.К., Таткенова А.Т. Газетный текст: экспрессивный синтаксис казахского и английского языков. – Алматы, 2022. – с. 21.
- Шаховский В.И. Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка. – Воронеж, 1987. – С. 158.
- Кулигина Т.И. Категория оценки и средства ее выражения в современном немецком языке: дис. ... канд. филол. наук. – Ленинград, 1985. – 185 с.
- Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. – Москва: Эдиториал УРСС, 2001. – 416 с.
- Drescher M. French interjections and their use in discourse. *The Language of Emotions*. – Amsterdam: John Benjamins Publishing Company, 1997. – P. 233-246.
- Niemeier S. Nonverbal expressions of emotions in a business negotiation. *The Language of Emotions*. – Amsterdam: John Benjamins Publishing Company, 1997. – P. 277-306.
- Guenther S. The Contextualization of affect in reported dialogues. *The Language of Emotions*. – Amsterdam: John Benjamins Publishing Company, 1997. – P. 247-276.
- Ungerer F. Emotions and Emotional Language in English and German news stories. – Amsterdam: The Language of Emotions. John Benjamins Publishing Company, 1997. – P. 307-328.
- Бабенко Л.Г. Лексические средства обозначения эмоций в русском языке. – Свердловск, 1989. – 192 с.
- Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2010. – 382 б.
- Айдарбек Қ. Қазақ терминологиялық аталымының ономаологиялық негіздері. – Алматы, 2010. – 384 б.
- Reimann H. *Kommunikations-Systeme*. – Mohr Siebeck, 1968. – P. 71-154.
- Baum J., Abdel Rahman R. Emotional news affects social judgments independent of perceived media credibility. *Social Cognitive and Affective Neuroscience*. – 2021. – Vol. 16. – P. 280-291.
- Denis E., Merrill D. Conversations about mass media. – Moscow, 1977. – P. 54-188.
- Schramm W. *Communication Research in the United States*. Schramm W. *Foundations of communication research*. New York, 1964. – P. 151-177.
- Dunwoody S. The media and public perceptions of risk: How journalists frame risk stories // Bromley D.W., Segerson K. *The social response to environmental risk*, 1992. – P. 75-100.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. / Құрастырған: Ж.Манкеева, Р.Шойбеков, Қ.Күдерінова. – Алматы, 2011. – Т.13. – 369 б.

Стернин И.А. К теории речевых культур носителя языка // Вопросы психолингвистики. – 2009. – № 9. – С. 22-28.

Амосова Н.Н. Этимологические основы словарного состава современного английского языка. – 2-е изд., доп. – Москва: Либроком, 2010. – 218 с.

Кульбит Ю.С. Когнитивно-информационная природа эмоционально-оценочной лексики в лингвокультурном пространстве (на материале текстов российских и зарубежных СМИ): дис. ... канд. филол. наук. – Майкоп, 2010. – 164 с.

References

Aidarbek, K.. (2010). Qazaq terminologialyq atalymynyñ onomasiologialyq negizderi [Onomasiological basis of the Kazakh terminological category]. Almaty. (in Kazakh)

Akhmetzhanova, Z. (2022) Gazetnyi text: ekspressivnyi sintaksis kazakhskogo i angliiskogo yazykov [Newspaper text: expressive syntax of Kazakh and English languages]. Almaty (in Russian)

Amosova, N.N. (2010). Etimologicheskie osnovy slovarnogo sostava sovremennogo angliiskogo yazyka [Etymological foundations of the vocabulary of the modern English language]. Moscow. (in Russian)

Ashimbetova, R. (2000) Glagoly fizicheskogo vospriyatiya i ih mesto v yazykovoï kartine mira [Verbs of physical perception and their place in the language picture of the world]. Almaty. (in Russian)

Babenko, L. (1989) Leksicheskie sredstva oboznacheniya emotsii v russkom yazyke [Lexical means of designation of emotions in Russian language]. Sverdlovsk. (in Russian)

Baitursynov, A. (2022). Tañdamaly syğarmalary [Selected works]. Almaty. (in Kazakh)

Balli, Sh. (2001) Obshaya lingvistika I voprosy francuzskogo yazyka [General linguistics and questions of the French language]. Moscow. (in Russian)

Bamberg, M. (1995). Emotional talk(s): the role of perspective in the construction of emotions. The Language of Emotions. John Benjamins Publishing House, P. 209-226.

Baum, J., Abdel Rahman, R. (2021). Emotional news affects social judgments independent of perceived media credibility. Social Cognitive and Affective Neuroscience, Vol.16, P. 280-291.

Denis, E., Merrill, D. (1977). Conversations about mass media. Moscow, P. 54-188.

Dodonov, B. (1978) V mire emotsii. Emotsiya kak tsennost [In the world of emotions. Emotion as a value]. Moscow. (in Russian)

Drescher, M. (1997). French interjections and their use in discourse. The Language of Emotions. John Benjamins Publishing Company.

Dunwoody, S. (1992). The media and public perceptions of risk: How journalists frame risk stories. The social response to environmental risk.

Efimov, A. (1957) Stilistika hudozhestvennoi rechi [Stylistics of artistic speech]. Moscow. (in Russian)

Guenther S. (1997). The Contextualization of affect in reported dialogues. The Language of Emotions. John Benjamins Publishing Company.

Komarova, A. (1984) O sootnoshenii substitutsii i ekspressivnosti [The ratio of substitution and expressiveness]. Ekspressivnost na raznyh urovnyah yazyka [Expressiveness on different levels of language], P. 32. (in Russian)

Kulbit, Yu. (2010) Kognitivno-informatsionnaya priroda emotsionalno-otsenochnoi leksiki v lingvokulturnom prostranstve (na material tekstov rossiiskih i zarubezhnyh SMI) [Cognitive-informational nature of emotional-evaluative vocabulary in the linguocultural space (based on texts from Russian and foreign media)]. Diss. ... kand. filol. nauk [dissertation ... on filological sciences]. Maikop (in Russian)

Kuligina, T. (1985) Kategoriya otsenkii sredstva ee vyrazheniya v sovremennom nemetskom yazyke [Category of assessment and means of its expression in modern German language]. Diss. ... kand. filol. nauk. [dissertation ... on filological sciences]. Labinsk (in Russian)

Lukyanova, N. (1976) O sootnoshenii ponyatii ekspressivnost, emotsionalnost, otsenochnost [On the relationship between the concepts of expressiveness, emotionality, and evaluativeness]. Aktualnye problem leksikologii i slovoobrazovaniya [Current problems of lexicology and word formation]. Novosibirsk (in Russian)

Mankeeva, Zh. (2010) Qazaq tilindegi etnomädeni ataulardyñ tanymdyq negizderi [Cognitive bases of ethnocultural names in the Kazakh language]. Almaty (in Kazakh)

Niemeier, S. (1997). Nonverbal expressions of emotions in a business negotiation. The Language of Emotions. John Benjamins Publishing Company.

Qazaq adebi tiliniñ sözdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. (2011) Almaty. (in Kazakh)

Reimann, H. (1968). Kommunikations-Systeme. Mohr Siebeck, P. 71-154.

Schramm, W. (1964). Communication Research in the United States. Foundations of communication research. New York.

Shakhovskii, V. (1987) Kategorizatsiya emotsii v leksiko-semanticheskoi sisteme yazyka [Categorization of emotions in the lexical-semantic system of language]. Voronezh (in Russian)

Stermin, I. (2009) K teorii rechevyh kultur nositelya yazyka [On the theory of speech cultures of native speakers] Voprosy psiholingvistiki [Questions of psycholinguistics]. Vol.9, P. 22-28. (in Russian)

Temirgazina, Z. (1999) Otsenochnye vyskazyvaniya v sovremennom russkom yazyke [Evaluative statements in modern Russian language] diss. ... dokt. filol. nauk [dissertation ... on filological sciences]. Almaty (in Russian)

Ungerer, F. (1997). Emotions and Emotional Language in English and German news stories. The Language of Emotions. John Benjamins Publishing Company.

Volf, E. (2002) Funktsionalnaya semantika otsenki [Functional semantics assessment]. Moscow (in Russian)

Wierzbicka, A. (1997). A response to Michael Bamberg. The Language of Emotions. John Benjamins Publishing Company.

Авторлар туралы мәлімет:

Әділ Әбсаттар (корреспондент автор) – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: absattar.adil@gmail.com);

Гүлдана Несипбай – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: guldana.nessipbay95@gmail.com).

Түзетуден кейін мақаланың редакцияға түскен күні: 6 қаңтар 2024 ж.

Қабылданған күні: 12 ақпан 2024 ж.